**Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 27 ақпандағы N 1032 Жарлығы
Республикалық баспасөзде мазмұны жариялануға тиіс

Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 839 Жарлығына(Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2002 ж., N 10, 92-құжат; N 32, 339-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

4-тармақта "орынбасарынан" деген сөз "орынбасарларынан" деген сөзбен алмастырылсын;

7-тармақтың 6) тармақшасы алынып тасталсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ким Георгий Владимирович - Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, Комиссия төрағасы

Әбілхатаев Марат Кәрімұлы - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқық бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Комиссия төрағасының орынбасары

Сағдиев Мақтай Рамазанұлы - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің

депутаты, Комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Федотов Виктор Данилович - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Мемлекеттік-құқық бөлімінің мемлекеттік инспекторы, Комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

Әкімбеков Назымбек Қыздарбекұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесі қорғаныс және құқық тәртібі бөлімінің меңгерушісі

Андрющенко Александр Иванович - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда бірінші вице-министрі

Бұлғақбаев Болатбек Ақылбекұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігінің төрағасы

Бурлаков Леонид Николаевич - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)

Дауылбаев Асхат Қайзоллаұлы - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары

Құлекеев Жақсыбек Әбдірахметұлы - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы

Мерзадинов Ерғали Серікбайұлы - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі

Нәрікбаев Мақсұт Сұлтанұлы - Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры

Нұриманов Мақсұт Әнуарбекұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары

Рябченко Олег Григорьевич - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім бірінші вице-министрі

Сапарбаев Бердібек Машбекұлы - Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің төрағасы

Сисинбаев - Қазақстан Республикасының
Тагир Мұсаұлы Қаржы вице-министрі";

2) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.08.2014 № 900 Жарлығымен;

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 29.08.2014 № 900 Жарлығымен.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК